




**Евразия**  
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
2026 жылғы «22» сәуір айында Бекітілген Хаттама



**ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІН ЖҮКТЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**





**Мазмұны**

<b>1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР .....</b>	<b>3</b>
<b>2-бап. САҚТАНДЫРУШЫ. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ.....</b>	<b>4</b>
<b>ПАЙДА АЛУШЫ.....</b>	<b>4</b>
<b>3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТСІ.....</b>	<b>5</b>
<b>4-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....</b>	<b>5</b>
<b>5-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ.....</b>	<b>5</b>
<b>6-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ .....</b>	<b>5</b>
<b>7-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....</b>	<b>6</b>
<b>8-бап. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ .....</b>	<b>8</b>
<b>9-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ..</b>	<b>9</b>
<b>10-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....</b>	<b>10</b>
<b>11-бап. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ .....</b>	<b>10</b>
<b>12-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ .....</b>	<b>11</b>
<b>13-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ .....</b>	<b>11</b>
<b>14-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ .....</b>	<b>12</b>
<b>15-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ .....</b>	<b>12</b>
<b>16-бап. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....</b>	<b>12</b>
<b>17-бап. ҚОСЫМША ШАРТТАР .....</b>	<b>13</b>



### **1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР**

**1.1.** Осы «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ Жер қойнауын пайдаланушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін жүктелген сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Ережелер/Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі - Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленген.

**1.2.** Жер қойнауын пайдалану құқығы Кодексте қамтамасыз етілген белгілі бір мерзім ішінде бөлінген учаске шегінде жер қойнауын кәсіпкерлік мақсаттарда өтеулі негізде пайдалану мүмкіндігін білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығы мыналардың негізінде туындайды:

- 1) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның;
- 2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың.

Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүзеге асыру үшін беріледі:

- 1) жер қойнауын геологиялық зерттеу;
- 2) пайдалы қазбаларды барлау;
- 3) пайдалы қазбаларды өндіру;
- 4) жер қойнауы кеңістігін пайдалану;
- 5) іздеушілік.

**1.3.** Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия мемлекеттік орган беретін және оның иесіне көрсетілген жер қойнауы учаскесінің шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес реттелетін рұқсаттарға жатпайды. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия бір ғана жер қойнауы учаскесін пайдалану үшін беріледі.

**1.4.** Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарында бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Евразия» СК» АҚ бұдан әрі Сақтанушы деп аталатын жеке және заңды тұлғалармен жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның (жер қойнауын пайдаланушы) міндетін орындауды қамтамасыз ету мақсатында белгіленген сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасайды.

Сақтандыру шартының мәні Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндеті және сақтандыру жағдайы басталған кезде шартпен келісілген төлемақы (сақтандыру сыйлықақысы) үшін Сақтандырушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы келтірген зиянды өтеу мақсатында Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті болып табылады.

**1.5.** Жер қойнауын пайдалану - жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің өндірістік және технологиялық мұқтаждары үшін пайдаланған ілеспе сулар мен суларды қоса алғанда, жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалану және қорғау, пайдалы қазбаларды өндіру қалдықтарын, ерекше минералдық ресурстарды, жерасты суларын пайдалану саласындағы қызмет.

**1.6.** Жер қойнауын пайдаланушылар - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операцияларын және (немесе) су пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғалар.

**1.7.** Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар - жер қойнауын геологиялық зерттеуге, пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге жататын, оның ішінде жерасты суларын, емдік балшықты барлауға және өндіруге, сарқынды суларды ағызуға арналған жер қойнауын барлауға байланысты, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

**1.8.** Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, жер қойнауын пайдаланушы өзіне берілген жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жоюға міндетті.



Жер қойнауын пайдалану объектісін тарату - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өндірістік объектілер мен жер учаскелерін халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жай-күйге келтіру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Жою:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің барлығынан немесе бір бөлігінен бас тартқан (қайтарған) кезде жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығы тоқтатылғанға (жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) қолданылуы тоқтатылғанға) дейін жер қойнауын пайдаланушымен ерікті түрде;

2) жою (прогрессивтік жою) жөніндегі жұмыстардың жалпы көлемін азайту мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның немесе келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін жер қойнауы кеңістігін өндіру немесе пайдалану учаскесінде орналасқан жекелеген объектілер (мысалы, үйінділер, бүлінген жердің бір бөлігі, құрылыстар мен ғимараттар) бойынша жер қойнауын пайдаланушы ерікті түрде;

3) Кодекстің 54-бабының 3-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес жер қойнауы учаскесін пайдалану құқығы тоқтатылған кезде міндетті түрде жүргізіледі. Зерттеп – қарау немесе тарату жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін қабылдауды тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, оның өкілдерінен және мемлекеттік органдардың, жер қойнауын пайдаланушының құратын комиссия (жер қойнауын пайдалану құқығы тиісті жер қойнауы учаскесі бойынша тоқтатылған тұлғаның) өкілдерінен жүзеге асырады.

**1.9.** Осы Ережелер Сақтандырушы мен Сақтанушылар арасында осы Ережелердің шарттарында жасалған сақтандыру шарттарын жасау, орындау және тоқтату тәртібі мен шарттарын айқындайды.

## **2-бап. САҚТАНДЫРУШЫ. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ. ПАЙДА АЛУШЫ**

**2.1.** Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы асталған кезде Сақтандыру шарты жасалған тұлғаның (пайда алушының) пайдасына шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға.

**2.2.** Сақтанушы - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға (Кодекстің 188-бабының 1-тармағына сәйкес хабарлама алған тұлға, жер қойнауын пайдаланушы).

**2.3.** Сақтанушы - заңды тұлға сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған кезде оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

**2.4.** Сақтанушы - жеке тұлға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда оның осы сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сақтанушының мұрагерлеріне ауысады.

**2.5.** Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады.

**2.6.** Сақтандыру шарты бойынша пайда алушы Қазақстан Республикасы болып табылады, оның атынан тиісті жер қойнауын пайдалану құқығын беретін мемлекеттік орган әрекет етеді, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру салдарларына байланысты сақтандыру шарты жасалған, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру төлемін алуға уәкілетті болуы мүмкін өзге мемлекеттік орган және мемлекеттік ұйым.



### **3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

**3.1.** Жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын Сақтанушының міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарларын жою жөніндегі міндеттемелерін орындауға байланысты мүлдіктік мүдде сақтандыру объектісі болып танылады.

### **4-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

**4.1.** Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру жағдайы деп Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген тәртіпте және мерзімде Сақтанушының жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемесін орындамау фактісі танылады, оның туындауы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейді.

**4.2.** Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алу мақсатында жасалған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

### **5-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ**

**5.1.** Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

**5.2.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі және Сақтанушы иеленуші болып табылатын жер қойнауын пайдалану құқығының туындау негізі негізге алына отырып есептеледі.

**5.3.** Егер тиісті қамтамасыз ету сомасы (сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы) тиісті тарату жобасы бойынша шығыстарды өтеу үшін жеткіліксіз болса, Қазақстан Республикасының мемлекеті жеткіліксіз соманы жер қойнауын пайдалану зардаптарын жоюды жүзеге асыруға міндетті тұлғаның (Сақтанушының) мүлкінен алуға құқылы.

**5.4.** Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының Пайда алушыға осы Шартта айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, сондай-ақ оны төлеудің тәртібі мен мерзімдері Сақтандыру шартында белгіленеді.

**5.5.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан қолма-қол төлеммен, төлем жасалған күнге қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген [айлық есептік көрсеткіштің](#) мың еселенген мөлшерінен аспайтын көлемде, Сақтандырушының кассасына ақша енгізу арқылы не қолма-қол ақшасыз төлеммен, Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару арқылы төленуге тиіс.

### **6-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

**6.1.** Сақтандыру шарты Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып жасалады.

Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтандырушыны хабардар етуге міндетті:

- 1) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы және/немесе бенефициарлық меншік иесі) жария лауазымды тұлға, оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылса;
- 2) егер жеке тұлғаның бенефициарлық меншік иесі өзге тұлға болса (Сақтанушы емес).

Сақтандыру шарты жасалуы мүмкін:

- 1) қағаз нұсқада; немесе
- 2) Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен электрондық нысанда. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабының 1) тармақшасында көзделген



тәртіппен жасалған сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында белгіленген электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптар ескеріле отырып, сақтандыру шарты тараптарының электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалуға жатады.

**6.2.** Сақтандыруға өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

**6.3.** Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

**6.4.** Елеулі маңызы бар мән-жайлар ретінде танылады:

- 1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса )/атауы және тұрғылықты жері/орналасқан жері;
- 2) сақтандыру объектісін көрсету;
- 3) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 4) сақтандыру сомасын көрсету, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 5) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін;
- 6) Сақтандыру шартының жасалған күні және қолданылу мерзімі;
- 7) Сақтандырылушы мен Пайда алушы туралы нұсқау.

**6.5.** Сақтандыру шартына қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және егер олар жазбаша нысанда жасалса және екі Тарап та қол қойған жағдайда ғана заңды күші болады.

**6.6.** Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауап бермеуі немесе Сақтандырушының қосымша тиісті тексеру жүргізуі үшін қажетті құжаттарды (Сақтандырушының сұрауы бойынша) ұсынбауы жағдайында жасалған болса, бұл Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес, Сақтандырушы кейіннен Сақтандыру шартын бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы, себебі тиісті мән-жайлар Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) тарапынан хабарланбаған. Сондай-ақ Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

**6.7.** Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

**6.8.** Тараптар Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын, оның ішінде қажетті құжаттарды, мәліметтерді, растауларды ұсыну арқылы орындайды.

## **7-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **7.1. Сақтанушы құқылы:**

- 1) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру ережелерінің, сақтандыру шарттарын, Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттері туралы түсіндіруді алуға;
- 2) ол жоғалған жағдайда Сақтандыру шартының телнұсқасын алуға;
- 3) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздерде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ Шартқа қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

### **7.2. Сақтанушы міндетті:**

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға ұсынылған мәліметтерді растайтын қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;



- 3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Сақтандыру шартын жасау кезінде және қолданылу кезеңінде Пайда алушының пайдасына жер қойнауын пайдалану бойынша операциялардың салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін Сақтандырушыға барлық қолданыстағы немесе жасалатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 5) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабардар етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуді қамтамасыз етуге;
- 7) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және салдарларын анықтау үшін шаралар, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту жөнінде шаралар қолдануға;
- 8) сақтандыру жағдайы бойынша қолда бар ақпаратты хабарлауға және сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруде Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге;
- 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты өзге тұлғаға талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;
- 10) Сақтандырушыға оның талабы бойынша үшінші тұлғалармен сотқа дейінгі немесе сот тәртібімен дауларды реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін беруге;
- 11) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы немесе салдары, сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы Сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) дереу, 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жазбаша расталуға тиіс. Мұндай хабарлама неғұрлым толық көлемде мынадай ақпаратты: сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан іс-қимылдардың сипаты мен себептерін, осы оқиғаға тартылған барлық тұлғалардың аты-жөндерін, байланыс деректерін және мекенжайын қамтуы тиіс. Егер Сақтанушы көрсетілген әрекеттерді дәлелді себептермен орындай алмаған жағдайда, ол мұны құжат жүзінде растауға тиіс;
- 12) егер сақтандыру жағдайы осы Ережелердің 10.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың салдарынан туындаған жағдайда, Сақтандырушыға ол жүзеге асырған сақтандыру төлемін ол жүзеге асырылған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде толық көлемде өтеуге міндетті. Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің сомасын және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды уақытылы өтемеген кезде Сақтанушы Сақтандырушыға әрбір кешіктірілген күн үшін өтеуге жататын соманың 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

### **7.3. Сақтандырушы құқылы:**

- 1) Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне сәйкес, сондай-ақ Пайда алушыдан, оның ішінде Пайда алушының үшінші тұлғалардан Сақтандырушы орындаған талап бойынша тиісті өтемақы алғанын растайтын құжаттарды сұратуға және кедергісіз алуға, сондай-ақ Пайда алушыдан осындай өтемақы алынғаны расталған жағдайда жүзеге асырылған сақтандыру төлемін қайтару туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы.
- 3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер және сақтандыру тәуекелін бағалау алуға;
- 4) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын алуға;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама және оның құжаттамалық растауын алуға;
- 6) осы Ережелердің 10.1-тармағында көрсетілген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушыға не сақтандыру жағдайының басталуына жауапты өзге тұлғаға кері талап қоюға;



- 7) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін олардың құзыретіне сүйене отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 8) Сақтанушыдан өкілеттік алған кезде үшінші тұлғалармен дауларды сотқа дейінгі немесе сот тәртібімен реттеу кезінде сот органдарында Сақтанушының атынан әрекет етуге;
- 9) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 10) Сақтанушыға қойылатын сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен талаптардың мөлшеріне дау айтуға.

#### **7.4. Сақтандырушы міндетті:**

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен, сақтандыру шарттарымен, оның Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін уақтылы қабылдауға;
- 3) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін Сақтанушыға жұмсалған шығыстарды өтеуге міндетті.

#### **7.5. Пайда алушы құқылы:**

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою құнының ұлғаюына әкеп соқтырған, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою бойынша тиесілі соманы төлеу талабы орындалмаған жағдайда Сақтандырушыны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қолдануға міндетті.

**7.6.** Сақтанушының, Сақтандырушының және Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңдарында, осы Сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру шартында көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

### **8-бап. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС- ӘРЕКЕТІ**

**8.1.** Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

**8.2.** Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туындаған кезде және/немесе оған зиянды өтеу туралы талап қоюға негіз болуы мүмкін жағдай орын алғанда, Сақтанушы міндетті:

- 1) талап қою үшін себеп болуы мүмкін оқиғаға байланысты шығындарды азайту үшін қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;
- 2) тиісті мемлекеттік не ведомстволық органдарда оқиғаны құжаттамалық ресімдеуді қамтамасыз етуге;
- 3) ол білген сағаттан бастап есептегенде 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыны немесе оның өкілетті өкілін сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оған зиянды өтеу туралы наразылық білдіруге себеп болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге;
- 4) Сақтандырушымен кейінгі әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге міндетті.

**8.3.** Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша одан әрі барлық ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

**8.4.** Сақтанушы Сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді беруге міндетті.

**8.5.** Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талап етуі бойынша) сотқа дейінгі және сот тәртібімен шағымдарды реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттігін беруге міндетті.



**8.6.** Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға, төлемдер жасамауға және осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.

### **9-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ**

**9.1.** Сақтандыру жағдайының басталу фактісі Пайда алушының төлем деректемелерін көрсете отырып, Пайда алушының жазбаша нысанда жіберген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою жөніндегі міндеттемесі бойынша тиесілі соманы төлеу туралы талап негізінде анықталады.

**9.2.** Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының бюджетіне Пайда алушы тиесілі соманы төлеу туралы талапта көрсеткен деректемелерге сәйкес Сақтандырушы осындай талапты алған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жүзеге асырылады.

**9.3.** Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу зардаптарын жою жөніндегі міндеттеме бойынша тиесілі соманы төлеу күні сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні болып есептеледі.

**9.4.** Сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде Сақтанушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтініш;
- 2) Шарттың көшірмесі;
- 3) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттары;
- 4) Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар;
- 5) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның көшірмесі;
- 6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою жөніндегі міндеттеменің бір бөлігінің орындалуын растайтын шот-фактураның (инвойстың) (бар болса) көшірмесі.

**9.5.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып, 2 (екі) данада анықтама жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы Сақтанушыға беріледі, Сақтанушының оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

**9.6.** Сақтанушы не оның өкілі осы Ережелердің 9.4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы тез арада, бірақ 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді.

**9.7.** Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады және одан аспауға тиіс.

**9.8.** Егер сақтандыру жағдайы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде болса, сақтандыру төлемі жүргізіледі.

**9.9.** Сақтанушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемені орындамаған жағдайда, Пайда алушы Сақтандырушыға жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою жөніндегі міндеттеме бойынша тиесілі соманы төлеу туралы талапты осы міндеттемені орындау мерзімі аяқталғаннан кейін 2 (екі) жыл ішінде кез келген уақытта жолдайды.

**9.10.** Пайда алушының сақтандыру сомасын төлеу туралы талабы Сақтандырушы тарапынан мұндай талапты алған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде сөзсіз және міндетті түрде орындалуға жатады. Сақтандырушы аталған талапты тиісінше орындамаған, орындамаған немесе орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді.



## **10-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ**

**10.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының мынадай жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде Сақтанушыға кері талап қоюға құқығы бар::

- 1) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінің салдарынан туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- 2) Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттер жасауы;
- 3) Сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 5) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруге кедергі жасауы, оның ішінде Сақтанушының өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша мұндай құжаттары болмаған жағдайларды қоспағанда, осы Ережелердің 9.4-тармағында көзделген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттардың толық пакетін Сақтандырушыға ұсынбауы немесе уақытылы ұсынбауы;
- 6) Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.

**10.2.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтандырушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады.

**10.3.** Пайда алушы сақтандыру төлемін алғаннан кейін Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

## **11-бап. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ**

**11.1.** Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғадан залалды тиісті өтеуді алуы сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болуы мүмкін.

**11.2.** Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы осы Ережелердің 12.3-тармағында көзделген еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

**11.3.** Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздерінен бөлек, Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға міндетті:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға қатысы бар ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тұлғалар тізбесінде (ЖҚЖҚТҚ) болуы;
- 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушының сұрауы бойынша Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- 3) ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (КЖ және ТК) мақсатында жүзеге асырылып жатыр деп пайымдауға негіз болған жағдайда;



4) Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға қатысты ОҒАС, Еуропалық Одақ және Ұлыбританияның шектеу шаралары (санкциялар) қолданылған және/немесе олар бойынша шектеулер енгізілген жағдайларда.

**11.4.** Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы Пайда алушының сақтандыру төлемін алу туралы талабын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтандыру төлемінен бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

## **12-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ**

**12.1.** Тараптар осы Сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

**12.2.** Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан тиісінше орындау мүмкін болмаса, Сақтандыру шартының тараптары Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

**12.3.** Өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, дүлей зілзалалар, террорлық актілер, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық актілерінде көзделген тыйым салу шаралары және Тараптар алдын ала болжай алмаған және Сақтандыру шартын орындауға тікелей әсер еткен өзге де осындай жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.

**12.4.** Тараптар Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер олар еңсерілмейтін күштің мынадай мән-жайларының туындауының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады: ядролық жарылыстың, уландырғыш заттардың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың, экологиялық апаттардың, әскери іс-қимылдардың, азаматтық соғыстың, халықтық толқулардың, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің, сондай-ақ дүлей зілзалалардың және Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен Сақтандыру шартының шарттарын орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдар актілерінің.

**12.5.** Еңсерілмейтін күш мән-жайлары тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде оған тартылған Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш мән-жайлары тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге және өз міндеттемелерін орындауды қайта бастауға тиіс.

**12.6.** Тиісінше хабарламау Тарапты Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

**12.7.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті тиісті құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құжаттарымен расталуға тиіс.

**12.8.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы себебінен Сақтандыру шартын орындаудың мүмкін еместігіне сілтеме жасайтын Тарап бұл туралы екінші Тарапты кез келген ықтимал тәсілдермен оқиға басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

## **13-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

**13.1.** Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады және Кодекстің 58-бабының 1-1-тармағының талаптарын ескере отырып, қолданылады.

**13.2.** Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

**13.3.** Сақтандыру шартының қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.



#### **14-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ**

**14.1.** Сақтандыру шартының шарттарын өзгерту Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша Пайда алушының жазбаша келісімімен, Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тараптың өтінішін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушының келісімімен қоса жүргізіледі және Тараптардың Сақтандыру шартына қосымша келісімімен ресімделеді.

#### **15-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ**

**15.1.** Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі::

- 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) Азаматтық кодекстің 841-бабына сәйкес Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда;
- 3) Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырған жағдайда;
- 4) Пайда алушының Сақтандыру шартын бұзу туралы жазбаша келісімі болған кезде Тараптардың келісімі. Бұзуға бастамашылық жасаған Тарап екінші Тарапты өзінің Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Пайда алушының жазбаша келісімін қоса бере отырып, бұзу болжанған күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын хабардар етуге міндетті. Бұл ретте Сақтандыру шартын бұзу күні Пайда алушының жазбаша келісімі күнінен ерте болмауы тиіс.

**15.2.** Егер Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан не Сақтандырушының Сақтандыру шартын орындауы мүмкін болмаған жағдайда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.

**15.3.** Осы Ереженің 15.1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандыру қолданылған уақытқа барабар алуға құқығы бар.

**15.4.** Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтанушының оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

**15.5.** Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға қатысты шектеу шаралары туралы ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкцияларын және/немесе шектеулерін қолданған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша хабарлау арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

**15.6.** Осы Ереженің 15.1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға қайтарылуға жататын сыйақы сомасының 25 (жиырма бес) пайызы мөлшеріндегі әкімшілік шығыстарды шегере отырып, өткен сақтандыру кезеңіне барабар емес сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.

**15.7.** Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндетінен босатпайды. Сақтандыру төлемін қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған Сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушы жүзеге асырады.

**15.8.** Осы Шарт кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын бұзылған кезде, егер кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда, сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

#### **16-бап. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

**16.1.** Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

**16.2.** Тараптар келісімге қол жеткізе алмаған келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен Алматы қаласының соттарында шешіледі.

### **17-бап. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

**17.1.** Осы Ережелерде көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

**17.2.** Тараптар сақтандыру шартын жасасу кезінде осы Ереженің жекелеген ережелерін өзгертуге және/немесе сақтандыру шартының талаптарын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де ережелермен толықтыруға құқылы.

**17.3.** Осы Ережелер қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Мәтіндер арасында әртүрлі оқылған жағдайда Сақтандыру ережелері мәтінінің орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.